



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 21 ақпан

2018 жылғы 9 ақпаннан 16 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

16 ақпандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 2,4%-ға (327,22-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 319,42 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 9 ақпаннан 16 ақпан аралығындағы маңызды оқиғалар жүргізілген түзетулерден кейін акциялар нарығының тұрақтануы мен өсуі, Жапонияның Премьер-министрі Синдзо Абэнің Жапония Банкінің басшысы Харухико Куроданың төрағалық ету мерзімін ұзартуы туралы ұсынысы, инфляция бойынша, АҚШ пен Ұлыбританияның бөлшек сатулары туралы экономикалық көрсеткіштерді жария ету болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының біраз әлісеруіне әкелді.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (64,40-тан 64,22-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,8%-ға (13 628-ден 13 524-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** 1,0%-ға (18,70-тен 18,52-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** АҚШ долларының әлсіреуі аясында 1,8%-ға (3,82-ден 3,75-ке дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** Бразилияның Орталық банкі инфляцияның баяу өсуі монетарлық саясаттың бұдан әрі жұмсаруы үшін мүмкіндіктер туғызатыны жөніндегі мәлімдеуіне қарамастан 2,1%-ға (3,30-дан 3,23-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** Оңтүстік Африка Республикасының президенті Джейкоб Зумның отставкаға кетуі және елдің жаңа президенті Сирил Рамафозды тағайындау аясында 3,3%-ға (11,99-дан 11,60-қа дейін) нығайды. Сирил Рамафоздың реформалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы инвесторлар тарапынан оң баға алды;
- **Ресей рублі** РФ Қаржы министрі Антон Силуановтың 2018 жылы ел бюджетінің күтілетін профициті, қарыз алуды бұрынғы деңгейде сақтау, сондай-ақ мұнай бағасының тұрақтануы туралы мәлімдеуі аясында 3,3%-ға (58,374 -ден 56,42-ге дейін) нығайды;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 9-16 ақпан)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz